

## Қазақстан тарихы пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау және жетілдіру жолдары (үш мектеп мысалында)

**А.О. Турганбаева, Р.Р. Сыздықова, С.Ш. Қуандықов, А.М. Исабай, И.Ж. Ұзақбай, Ш.Р. Саменова, Д.З. Нурбаева**

Астана қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы Қазақстан [turganbayeva\\_a@ast.nis.edu.kz](mailto:turganbayeva_a@ast.nis.edu.kz)

Астана қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы Қазақстан [svzdykova\\_r@ast.nis.edu.kz](mailto:svzdykova_r@ast.nis.edu.kz)

Астана қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы Қазақстан [kuandykov\\_s@ast.nis.edu.kz](mailto:kuandykov_s@ast.nis.edu.kz)

Семей қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Семей қаласы Қазақстан [Isabai\\_a@sm.nis.edu.kz](mailto:Isabai_a@sm.nis.edu.kz)

Ақтау қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы Қазақстан [uzakbai\\_i@akt.nis.edu.kz](mailto:uzakbai_i@akt.nis.edu.kz)

Ақтау қаласы ЖМБ НЗМ тарих пәнінің мұғалімі, Астана қаласы Қазақстан [Samenova\\_Sh@akt.nis.edu.kz](mailto:Samenova_Sh@akt.nis.edu.kz)

Астана қаласы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес білім беру ұйымының Педагогикалық өлшеу орталығының аға менеджер Астана қаласы Қазақстан [nurbaeva\\_d@cpi.nis.edu.kz](mailto:nurbaeva_d@cpi.nis.edu.kz)

### Абстракт

Берілген мақалада Қазақстан тарихы пәнінен сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау және жетілдіру жолдары үш мектеп мысалында қарастырылды. Зерттеу мақсаты: үш мектептегі сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер еткен факторларын талдап, болашақтағы жетілдіру жолдарын қарастыру. Мақалада сыртқы бағалау нәтижелеріне әсер еткен факторлар зерделеніп, сандық және сапалық зерттеулер жүргізілді. Үш мектептің оқушылары мен мұғалімдерінен алынған сауалнама, сұхбат нәтижелері шығарылды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың академиялық дайындығы, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі, қолданылатын оқыту әдістері, бағалау жүйесінің тиімділігі, өздігінен білім алу сыртқы жиынтық бағалау көрсеткіштеріне тікелей ықпал ететінін дәлелдеді. Берілген мақалада Қазақстан тарихы пәні бойынша мектептердегі сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер ететін негізгі факторлар жан-жақты талданды. Мақалада сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін жүйелі талдау арқылы оқу үдерісіндегі әлсіз тұстарды түзетуге бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілген.

**Кілт сөздер:** сыртқы жиынтық бағалау, өздігінен білім алу, сындарлы кері байланыс, факторлар, академиялық дайындық, мотивация, оқыту әдістері

### Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Назарбаев Зияткерлік мектептері «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады. (Nazarbayev Intellectual Schools, 2019). 10-сыныптың Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE бағалау міндеттеріне сай құрастырылған. (Nazarbayev Intellectual Schools, 2025). 10 сынып оқушылары сыртқы жиынтық бағалауда ( әрі қарай СЖБ) «Қазақстан тарихы» пәні аясында деректердің құндылығына баға беру, мазмұнды жан-жақты талдау, бағалау дағдыларын көрсетеді. Білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін

анықтау болып табылады. Сыртқы жиынтық бағалауда оқушылар алған білімдерін қолдануында қиындықтар туындап, емтихан нәтижесіне әсер еткен. Сонымен қатар, эссе жазу кезінде дәлелдерге негізделген екі жақты талдауы бар жауаптар ұсына алмауы байқалды. Аталған мәселелер бойынша осы зерттеу жұмысында сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін жан-жақты талдау арқылы оған әсер ететін факторлар анықталды. Емтиханға дайындықтың тиімділігін арттырып, жетілдіру жолдары қарастырылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының Педагогикалық өлшеу орталығы (ПӨО) әр оқу жылының аяғында мектептер бойынша сыртқы бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық есебін (әрі қарай Есеп) сандық мәліметтер негізінде сипаттамалар жасалынды. Аталған есепте мектептердің рейтингісі шығарылады. Біздің зертеуімізде Астана, Ақтау, Семей «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» (НЗМ) таңдап алынды. Осы үш мектепті таңдап алуымызға осындай себептер болды: бірінші тапсырмаларда өз мектептеріңіздің рейтинг бойынша орналасуындағы үш жылдың нәтижесіндегі алшақтықтың болуы, мысалы: Астана мектебінде алдыға жылжу бар, Семей мектебінде тұрақтылық сақталса, Ақтау мектебінде төмендеу көрінеді. Осы факторларды басшылыққа алып, тәжірибе алмасу алаңын кеңейту, не себептер мен салдар негізінде білім сапасын дамытуға қадамдар жасалды. Бұл зерттеуіміз сыртқы жиынтық бағалауға дайындық тәжірибесін жетілдіру мақсатында тиімді шешімдерді ізденуге әсер етеді.

**Зерттеу мақсаты:** Мектептердегі сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер еткен факторларын талдап, болашақтағы жетілдіру жолдарын қарастыру. Зерттеу барысында төмендегі зерттеу сұрақтары аясында зерттеу жүргізілді.

- Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне оқушылардың академиялық дайындығы қалай әсер етеді?
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен тәжірибесі бағалау нәтижелеріне қандай ықпал жасайды?
- Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау негізінде білім сапасын арттырудың тиімді жолдары қандай?

Зерттеудің күтілетін нәтижелері негізінде емтиханға жүйелі, мақсатты дайындықты қамтамасыз ететін әдістемелік ұсыныстар мектеп мұғалімдері мен оқушылардың үлгерім сапасын арттыруға көмектеседі.

Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне әр түрлі факторлар әсер етеді. Негізгі факторлар ретінде оқушының өздігінен білім алуы. Білім алушылардың жетістікке жету мотивациясы олардың оқу нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Ішкі мотивация жоғары болғанда оқушы емтиханға дайындыққа белсенді қатысып, нәтижесі де жақсарады. (Zhumadilova & Aktanova, n.d.). Оқушылардың уақытты басқару, оқу материалдарын жүйелі түрде меңгеру, және емтихан тапсырмаларын орындау стратегиялары нәтижелерге әсер етеді. Voague, G. K., Amponsah, K. D. және Johnson, E. A. зерттеуінде оқушылардың академиялық жетістігі ең алдымен олардың тиімді оқу дағдыларын қаншалықты жүйелі қолдануына тәуелді екені дәлелденді. Авторлар оқу табыстылығын арттыруда оқу процесін саналы жоспарлаудың маңызды фактор екенін атап көрсетеді. Оқушылардың білім алу уақытын дұрыс бөлуі, күнделікті және апталық оқу кестесін құруы оқу материалының сапалы меңгерілуіне тікелей әсер етеді. (Aboague, Amponsah, & Johnson, 2020). Сол себепті зерттеу барысында оқушылардың сыртқы бағалау емтиханындағы нәтижелеріне әсер ететін факторлар көпқырлы және ішкі (мотивация, уайым, тұлғалық қасиеттер, оқу дағдылары) және сыртқы (оқу ортасы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, бағалау жүйесі, технологиялар) бағыттардан тұрады.

### **Әдіснама**

Қазақстан тарихы пәні барлық оқушыларға қазақ тілінде оқытылады және 10-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау тапсыратын міндетті пән болып табылады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (ДББҰ) негізгі және жоғарғы мектепке арналған NIS-Programme білім беру бағдарламасымен оқу қорытындысы бойынша Назарбаев Зияткерлік

мектептерінің оқушылары IGCSE (10-сынып) халықаралық стандарттарына сәйкес сыртқы жиынтық бағалау (ЖБ) емтихандарын тапсырады. ЖБ емтихан материалдары оқушылардың түрлі тапсырмаларды орындауы арқылы алынатын білім мен қалыптасқан дағдылардың кең ауқымының функционалдылығын өлшеуге бағытталған. (аналитикалық есеп, 2025). Бұл сыртқы бағалау емтиханында жұмыстар төмендегі бағалау міндеттеріне сәйкес келеді: 1) білу және түсіну; 2) дағдылар және талдау; 3) пайымдау және шешім қабылдау. (Nazarbayev Intellectual Schools, 2025). Бағалау міндеттері қалай жүзеге асырылғанын социологиялық зерттеулер арқылы қарастырдық,

Зерттеу барысында Ақтау, Астана және Семей қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 135 оқушысы мен 23 тәжірибелі тарих пәні мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сапалық және сандық әдістер қолданылды. Үздік нәтиже көрсеткен оқушылардан және мұғалімдерден сұхбат алдынды. **Байқағанымыздай үздік нәтиже көрсеткен мұғалімдердің көбісінің сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарын тексеру бойынша тәжірибелерінің болуымен ерекшеленді, мұның өзі мұғалімдердің аттестациялық комиссия құрамында жұмыс жасай отыра, өз біліктілігін арттырып, оқушылардың білім сапасының артуы үшін жақсы жұмыс жасайтын механизм екендігін аңғартты.** Қазақстан тарихы пәні бойынша 10 сыныптың сыртқы жиынтық бағалауға (СЖБ) дайындығын және оны тапсыру барысындағы тәжірибесін зерттеу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Ақтау қаласы НЗМ-інен 54 оқушы, Астана–Нұра НЗМ-інен 44 оқушы және Семей қаласы НЗМ-інен 37 оқушы қатысты.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде Астана, Ақтау және Семей қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің соңғы үш жылдағы СЖБ нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау таңдалды. Бұл мектептерді таңдау себебі төмендегі суретте көрсетілгендей, олардың рейтингтік көрсеткіштеріндегі әртүрлі динамика: Астана мектебіндегі ілгерілеу, Семейдегі тұрақтылық және Ақтаудағы төмендеу үрдістері факторларды тереңірек зерделеуге мүмкіндік берді.

1.2.4-кесте. Мектептерді саралау

Зияткерлік мектеп	2024	2025
НЗМ Алматы-Медеу	16	1
<b>НЗМ Астана-Нұра</b>	6	2
НЗМ Ақтөбе	12	3
НЗМ Тараз	2	4
НЗМ Орал	18	5
НЗМ Алматы-Наурызбай	13	6
НЗМ Қостанай	11	7
НЗМ Түркістан	1	8
НЗМ Шымкент-Абай	14	9
<b>НЗМ Семей</b>	10	10
НЗМ Қарағанды	15	11
НЗМ Көкшетау	8	12
<b>НЗМ Ақтау</b>	5	13
НЗМ Петропавл	9	14
НЗМ Талдықорған	17	15
НЗМ Өскемен	4	16
НЗМ Қызылорда	7	17
НЗМ Павлодар	20	18

1 кесте Аналиткалық есептен алынған мәлімет, 2025 жыл, 30-бет.

**Сандық әдістерде** берілген сауалнама сұрақтары емтиханға дайындық стратегияларын, уақытты басқаруды және ресурстарды қолдану тиімділігін бағалауға бағытталды.


**Сапалық әдістерде** сыртқы жиынтық бағалауда үздік нәтиже көрсеткен оқушылармен және тәжірибелі педагогтармен тереңдетілген сұхбаттар өткізілді. Бұл тәсіл оқушылардың ішкі

мотивациясы мен оқудағы кедергілерін анықтауға мүмкіндік берді. Деректерді өңдеу кезінде Педагогикалық өлшеу орталығының аналитикалық есептері негізге алынды.

### Зерттеу нәтижесі

Оқушылардың жүргізілген сауалнама нәтижесін саралайтын болсақ. «Сіз емтиханға қалай дайындалдыңыз?» диаграммасының нәтижелері оқушылардың басым көпшілігі өздігінен дайындалуға сүйенгенін көрсетеді.


**2 сурет. «Сіз емтиханға қалай дайындалдыңыз?»**



Ол респонденттердің 81%-ында кездеседі. Одан кейін мектептегі дайындық сабақтары – оның үлесі 70%-ды құрайды. Сонымен қатар, интернеттегі қосымша ақпарат көздері де кеңінен қолданылған. Ол 63% жауапта кездеседі. Мұғалімнің қосымша сабақтарына қатысқандардың үлесі 33%. Ал сыртқы курстарға қатысқан оқушылардың үлесі өте аз. Бұл оқушылардың дербес оқу дағдыларының дамығанын, бірақ мұғалім қолдауының әлі де маңызды екенін аңғартады. Үздік нәтиже көрсеткен оқушылар сұхбатта да көбінесе өздігінен оқып дайындалғанын атап өтті.

Сауалнама нәтижелері бойынша ең күрделі бағалау мақсаты ретінде БМ3 – пайымдау мен шешім қабылдау (71 жауап, 53%) анықталған. Одан кейін БМ2 – дағдылар мен талдау (44 жауап, 33%) тұр. Ал БМ1 – білу және түсіну (20 жауап, 15%) ең төмен көрсеткішке ие. Бұл оқушылар үшін білу-түсінуден гөрі аналитикалық және бағалаушы ойлау тапсырмалары әлдеқайда қиын екенін дәлелдейді.


**3 сурет. Сұрақтарға жауап беру барысында қай бағалау мақсатын (БМ) қамту (жазу) қиынырақ болды?**



Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың негізгі қиындықтары дербес дайындықтың жеткіліксіздігі (сауалнамаға қатысушылардың 60,7%-ы көрсеткен) және уақыт тапшылығы (сауалнамаға қатысушылардың 53,3%-ы көрсеткен) екені анық байқалады. Сонымен қатар, оқу материалдарының жеткіліксіздігі (14,8%) мен сабақтағы дайындықтың сапасы (14,1%) да белгілі бір деңгейде әсер етеді. Оқушылар мен мұғалімдер тарапынан ең жиі аталған мәселе – уақыт тапшылығы. Сондай-ақ, тапсырмалар мазмұнының түсініксіздігі (респонденттердің 17,4%-ы критерийлерді түсінбейді) және сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) арасындағы бағалау алшақтығы басты кедергілер ретінде айқындалды. (Nazarbayev Intellectual Schools, 2025).

**4 сурет. Сіздің ойыңызша, СЖБ-ға дайындықтың қай жағы әлсіз болды?**

● Өзімнің дербес дайындығым	82
● Сабақтағы дайындық	19
● Оқу материалдарының жеткіліксіздігі	20
● Уақыт тапшылығы	72
● Другое	9



Мектептер мен ондағы оқыту тіліндегі бөлінісінде БМ1 – Білу және түсіну ең жоғарғысы 27,6%-дан ең төменгісі 0%-дың арасында. (2-кесте). Астана-Нұра НЗМ-інде БМ2 – Дағдылар мен талдау ең жоғарғысы 53,8%-дан ең төменгісі 9,7% аралығында орналасты. Ал БМ3 – Пайымдау мен шешім қабылдау ең жоғарғысы 71,0%-дан ең төменгісі 37,9% аралығында болды. Дегенмен респонденттер сабақ барысында дәлелдеу, анализдеу дағдысын жақсарту қажеттілігін белгілеген. Яғни оқыту процесінде сыртқы фактордың бірі боп табылатын мұғалімнің ықпалын жоққа шығармайды.

Мұғалімдерден алынған сауалнамада сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) үлгерімін жақсартуға қосымша сабақтар мен сынама емтихандар өткізу, оқушылардың бойында жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту үшін емтихан тапсырмаларын жинағын құрастыру деген сынды ұсыныстарын білдірген. Сыртқы жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық арасындағы бағалаудың алшақтығына әсер ететін себептерге: Сыртқы жиынтық бағалауға қажетті дағдылардың сабақ барысында толық қалыптастырылмауы, оқу мақсаттарының жеткілікті деңгейде меңгерілмеуі, ішкі модерацияның формалды өуін және бағалау талаптарының әртүрлі түсіндірілуін белгілеген. Бұл факторлар бағалаудың бірізділігіне теріс әсер ететінін айқындайды. Тарих пәнінің мазмұны мен оқыту әдістемесі арасындағы байланыс пен вертикальды интеграцияның әлсіздігін байқатады. Мұғалімдердің 82,6%-ы сыртқы жиынтық бағалауды тексеру тәжірибесінің болуы дайындық сапасына оң әсер ететінін атап өтілді. Әдебиеттерге шолу, сұхбат, сауалнама нәтижелерін өзара синтездеу арқылы зерттеу мақсатына қол жеткізілді.

Сауалнама нәтижесін қорытындылай келе мұғалімдердің кәсіби деңгейі жоғары, бұл сыртқы жиынтық бағалауды талдау мен дайындық сапасына оң ықпалын тигізуі мүмкін. Сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастырудың қалыптасқан жүйесі бар және ол оқушыларды дайындауда оң нәтижесін көрсетуде. Дамытуды қажет ететін тұстары тарихи дағдыларды жүйелі қалыптастыру, бағалау критерийлерін нақтылау, дайындық уақытын ұйымдастыру және емтихан тапсырмаларын құрастырушылар тапсырмалардың мазмұн сапасын арттыру.

## Талқылау

Қазіргі білім берудің негізгі ерекшелігі — дәстүрлі оқушы ақпарат қабылдаушы ретінде ғана емес, білімді өз бетінше меңгеруші, сыни ойлайтын, шығармашылық қабілеті жоғары тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуы. Бұл өзгерістер білім беру мазмұны мен әдістемелеріне, бағалау жүйесіне және педагогикалық тәсілдерге кеңінен әсер етуде. Осы өзгерістерге дайын болу үшін зерттеуімізді жүргізу маңызды болды. Бірінші маңызды үрдіс — оқушы-орталық (learner-centered) тәсілдер: мұғалімнің рөлі ақпарат берушіден оқуды бағыттаушы, консультантқа айналуға. Бұл әдістеме оқушыларға өз оқу жолын жоспарлау, жеке оқу ресурстарын таңдау және оқу нәтижелерін бағалау мүмкіндігін береді. Мұндай тәсілдер оқушылардың шығармашылық, сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған (Allayarova, n.d.).

Зерттеу нәтижесінде анықталған факторлар бойынша, белсенді оқу стратегияларын қолдану оқушыға оқу нәтижесіне әсер ететін жеке қолдау, кеңес беру жүргізу. психологиялық

қолдау және кеңес беру қызметін ұйымдастыру, оқушының **уақытты басқару, ақпаратты құрылымдау, өзін-өзі бағалау** дағдыларын меңгеруі, онлайн платформа, мобильді оқыту, электрондық тест жүйелері оқушыға **өз уақытында оқу және дайындалу** мүмкіндігін кеңейту бағалау жүйесін жетілдіру сияқты шешу жолдары қарастырылды. Мұғалімдердің бірлескен зерттеуінде үш мектептің оқушыларының сыртқы бағалау нәтижесіне салыстырмалы талдау жасау, өзара тәжірибе алмасу, білім сапасын артыру жолдарының қарастыруға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеу мектептердің сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер ететін факторлардың көпқырлы және өзара байланысты екенін көрсетті. Талдау нәтижелері оқушылардың академиялық дайындығы, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі, қолданылатын оқыту әдістері, бағалау жүйесінің тиімділігі, өздігінен білім алу сыртқы жиынтық бағалау көрсеткіштеріне тікелей ықпал ететінін дәлелдеді. Сонымен қатар, зерттеу деректері сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін тек бақылау құралы ретінде емес, білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді аналитикалық ресурс ретінде пайдалану қажеттігін айқындады. Бағалау нәтижелерін жүйелі талдау арқылы оқу процесіндегі әлсіз тұстарды анықтап, дер кезінде түзету шараларын енгізу білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға мүмкіндік береді.

1. Сыртқы жиынтық бағалау форматына дайындықты күшейту, байқау сынақтары бойынша әр оқушыларға сындарлы кері байланыс беру.
2. Әрбір сабақ барысында оқушыларға дерекпен жұмыс, эссе бойынша кері байланысты күшейту: оқушылардың бірін-бірі бағалап, кері байланыс беруін қолдау.
3. Ішкі бағалау мен сыртқы жиынтық бағалау көрсеткіштерінің айырмашылығы, % азайту үшін бөлім бойынша бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларының нәтижесі бойынша сапалы кері байланысты жүйелендіру.
4. Сыртқы жиынтық бағалауға қатысқан мұғалімдердің өз тәжірибелерімен бөлісуін қамтамасыз ету. Аттестациялық комиссия құрамында болған мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісуді жүйелі жүргізу.
5. Мектептердің өзара тәжірибе алмасуы зерттеулер нәтижелерімен бөлісуін жалғастыру.

Бұл бағытта ұсынылған тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар мектептердің сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін жақсартуға және жалпы білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Aboagye, G. K., Amponsah, K. D., & Johnson, E. A. (2020). Analysis of study skills of Ghanaian senior high school students. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 15(4), 634–650. <https://doi.org/10.18844/cjes.v15i4.5047>
2. Allayarova, S. U. (n.d.). Transformation in 21st century education: Digital pedagogy and learner-centered teaching trends. *International Journal of Social Science and Research*. <https://www.gejournal.net/index.php/IJSSIR/article/view/2679>
3. Nazarbayev Intellectual Schools. (2019). *NIS programme: History of Kazakhstan curriculum for basic school (Grades 6–10)* (Protocol No. 39, August 23).
4. Nazarbayev Intellectual Schools. (2025a). *External summative assessment test specification in History of Kazakhstan (Grade 10)*. Astana.
5. Nazarbayev Intellectual Schools, Centre for Pedagogical Measurement. (2025b). *Analytical report on external summative assessment results*.

6. Zhumadilova, A., & Aktanova, S. K. (n.d.). Factors influencing learners' achievement motivation. *Ilim Bulletin*. <https://ilim.okmpu.kz/index.php/bulletin/article/view/190>